ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 01 тамыз № 1112-24-00-2/2071 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК

ЖАУАПКЕР:
«Тау» (Аулбаева Кумис Амановна) ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК жауапкер «Тау» (Аулбаева Кумис Амановна) ЖК-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Тау» (Аулбаева Кумис Амановна) ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Тау» (Аулбаева Кумис Амановна) ЖК-ден 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 01.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Кубенов Г. М., 29.09.2024
1112-24-3-1/2061

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г. Кубенов**

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 01.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Кубенов Г. М., 29.09.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство